

## Жас маманның жылдық есебі

Мен, жас маман, Сайранбекова Ақерке, Өскемен қаласы, №19 ҚББМО-нда математика пәні мұғалімі болып жұмыс жасаймын. Педагогикалық өтілім: 1 жыл. Апталық жүктеме: 21 сағат.

Оқу жылының басынан бері жұмыс барысында әдістемелік көмек көрсетілді: күнтізбелік-тақырыптық жоспар құру, дарынды балалармен және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, педагогикалық тәжірибесі мол мұғалімдердің сабағына тәжірибе жинау мақсатында қатысу, күнделікті сабақ жоспарын құру, үйден оқытатын балаға күнтізбелік жоспар құру, ата анамен байланыс жасау. Есептік кезеңде кәсіби біліктілікті арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Математика пәнін оқыту әдістемесіне, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мен сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін жетілдіруге арналған әдістемелік нұсқаулар мен заманауи педагогикалық әдебиеттер зерттелді. Жас мамандармен және тәлімгермен ылғи жиналастыр болып, әкімшілік тарапынан барынша қолдау болды.



Жас маман үшін өз бетінше білім алу маңызды болғандықтан мектепте өтетін семинарларға қатысуға тырысамын. «Математиканы оқыту барысында практикаға бағытталған тапсырмаларды қолдану» онлайн семинарына қатыстым. Онлайн конференция барысында математика сабағында практикаға бағытталған тапсырмаларды қолданудың тиімділігі туралы құнды ойлар мен әдістемелік тәжірибелер талқыланды. Бұл тақырып қазіргі білім беру үрдісінде ерекше маңызға ие, себебі оқушылардың математикалық білімін өмірлік жағдайлармен байланыстыру — олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, функционалдық сауаттылығын дамытады.

Онлайн конференция. 25.09.2025

Тыңдалған баяндамалар мен ұсыныстардан түйгенім — математиканы тек теориялық деңгейде емес, практикалық тұрғыдан ұсыну оқушылардың ойлау қабілетін, талдау және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Осындай тапсырмаларды сабақта жүйелі қолдану арқылы оқушы өз білімін нақты өмірде қолданудың маңызын түсінеді. Өз тәжірибемде мен де есептер мен жаттығуларды күнделікті өмірмен байланыстыруға, жобалық және зерттеу элементтерін енгізуге тырысамын. Бұл тәсіл оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақтың нәтижелілігін жоғарылатады. Конференция мен үшін жаңа идеялар мен әдістемелік бағыттар берді. Алдағы уақытта өз сабақтарымда практикаға бағытталған тапсырмаларды одан әрі жетілдіріп, оқыту сапасын арттыруға және оқушылардың қызығушылығын дамытуға бағыттаймын.

Тақырыбы: «Математика, физика сабақтарында күрделі есептерді шешу жолдары»

Семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, мазмұны өте өзекті болды. Іс-шара барысында тәжірибелі мұғалімдер күрделі есептерді шешудің тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісті, оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар көрсетілді.

Семинар кезінде күрделі есептерді кезең-кезеңімен талдау, шартты дұрыс түсіну, математикалық модель құру, сондай-ақ пәнаралық байланысты қолдану жолдары қарастырылды. Практикалық тапсырмалар арқылы есеп шығаруда оқушыларды белсенді қатыстыру, топтық жұмыс пен сыни ойлауды дамыту әдістері ұсынылды.

Осы семинардан өзіме көптеген пайдалы тәжірибе алдым. Әсіресе, күрделі есептерді оқушыларға түсінікті тілмен жеткізу, бірнеше тәсілмен шешу және оқушының өз бетінше ойлануына жағдай жасау бағытында жаңа идеялар үйрендім. Алдағы уақытта алған тәжірибемді математика сабақтарында тиімді қолданамын деп ойлаймын. Семинар мен үшін жаңа идеялар мен әдістемелік бағыттар берді. Алдағы уақытта өз сабақтарымда практикаға бағытталған тапсырмаларды одан әрі жетілдіріп, оқыту сапасын арттыруға және оқушылардың қызығушылығын дамытуға бағыттаймын.

### **Интерактивті сабақ**

«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ оркен ШҚО кңірлік бәләм беруді ақпараттандыру және ламыту ғылыми әдістемелік орталығы» ММ

29.10.2025

Тақырып: Математика пәнінен функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары

Мен «Математика пәнінен функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары» тақырыбындағы интерактивті сабаққа қатыстым. Сабақ мазмұнды, жүйелі және заманауи талаптарға сай өтті. Сабақ барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған өмірмен байланысты есептер, практикалық тапсырмалар және интерактивті әдіс-тәсілдер қолданылды.

Интерактивті сабақта оқушылардың алған білімін күнделікті өмірде қолдана білуіне ерекше назар аударылды. Мәселен, мәтіндік есептерді талдау, кесте, диаграмма, графиктермен жұмыс жасау, нақты жағдаяттарға негізделген тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың логикалық ойлауы мен математикалық тілде сөйлей білу дағдылары дамытылды.

**Біліктілікті арттыру курстары.** Біліктілікті арттыру мақсатында инклюзивті білім беру және математика пәні бойынша курстардан өттім. Курс барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс жасаудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгердім. Инклюзивті білім беру жағдайында саралап оқытудың маңыздылығын түсіндім. Сонымен қатар, математика пәнін оқытуда заманауи педагогикалық технологияларды қолдану жолдарын үйрендім. Алған білімімді сабақ барысында тиімді қолдануға тырыстым. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды бейімдеуді жүзеге асырдым. Бұл курстар менің кәсіби біліктілігімді арттырып, педагогикалық тәжірибемді жетілдіруге оң әсерін тигізді.

«Инклюзия саласындағы педагогтердің кәсіби дамуы» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өттім.



«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: математиканы оқытудың тиімді тәжірибесі»



Әдістемелік жұмыстың маңызды түрлерінің бірі – тәжірибесі мол мұғалімдердің сабақтарына қатысу деп ойлаймын. Осы жарты жылдықтың ішінде сабақты талдауды үйрену, оқушылардың сабақтағы іс-әрекетін дұрыс жоспарлау мақсатында басқа да тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатыстым. Мектеп аясында өткізілген барлық семинарларға мүмкіндігінше қатысып, тәжірибе жинадым.

Екінші жартыжылдықта 6 сәуір мен 17 сәуір аралығында өткен «Жаратылыстану-математикалық және жаратылыстану ғылымдары пәндері онкүндігі аясында» Математика пәнінен ашық сабақ өткізілді. Жас мамандар онкүндігі аясында 6 «А» сыныбында ашық сабақ өткіздім. Ашық сабақ бойынша қысқа мерзімді жоспар құрастыруда, Ашық сабақтың материалдарын келесі суреттен көре аласыздар. Сонымен қатар, 9-сыныптар арасында «Білім формуласы» атты сабақтан тыс сайыс сабақ өткіздім. Осы додада барлық электронды платформаларды мүмкіндігінше қолдандым.



|                 |            |            |            |
|-----------------|------------|------------|------------|
| МАТЕМАТИКА      | <u>100</u> | <u>200</u> | <u>300</u> |
| ХИМИЯ           | <u>100</u> | <u>200</u> | <u>300</u> |
| ЛОГИКАЛЫҚ СҰРАҚ | <u>100</u> | <u>200</u> | <u>300</u> |



Дарынды оқушылармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілді. Оқушылардың қабілеттерін дамыту мақсатында күрделендірілген тапсырмалар беріліп, қосымша сабақтар ұйымдастырылды. Олимпиадаға дайындық барысында логикалық ойлауын арттыруға бағытталған есептер шығарылды. Мектепшілік олимпиадаларға оқушылар белсенді қатысып, өз білімдерін көрсетті. Сонымен қатар, қалайшылық олимпиадаларға қатысуға дайындық жүргізіліп, оқушылар тәжірибе жинақтады. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен білім деңгейі артты.



Жалпы, жұмыс барысында көптеген тәжірибе жинақтап, кәсіби даму жолында алға қадам жасадым. Алдағы уақытта өз білімімді жетілдіріп, сабақ беру сапасын арттыруға және авторлық бағдарлама дайындауға жұмыс жасаймын. есепті кезең мен үшін тәжірибе мен ізденіске толы болды. Кездескен қиындықтарды уақытында еңсеріп, сабақ беру сапасын арттыруға мүмкіндік алдым. Алдағы уақытта жинақталған тәжірибемді жетілдіре отырып, оқушылардың білім сапасын арттыруға және авторлық бағдарлама әзірлеуге күш саламын.